



Сыр бойы

№64 (20940) 30 сәуір, сәрсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЖОСПАР ТИІМДІ ІСКЕ АСУЫ ҚАЖЕТ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшинді қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа холдингтің былтыр атқарған жұмысы туралы есеп беріліп, биылғы жоспары таныстырылды.

Басқарма төрағасының айтуынша, өткен жылы холдинг тарапынан 6 триллион теңгеге жуық қолдау көрсетілген. Оның 4,1 триллион теңгесі ірі, орта және шағын бизнеске, ал 1,9 триллион теңгесі тұрғын үй-құрылыс секторына бағытталған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр холдингтің активтері 14,1 триллион теңгеге жеткені жөнінде баяндалды. Инвестициялық және несие портфелі 10,3 триллион теңгеге дейін ұлғайып, таза табыс 416 миллиард теңгені құрады. Рустам Қарағойшиннің айтуынша, бұл қаржыны холдингтің компаниялар тобы аясындағы бағдарламаларды іске асыруға жұмсау жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» базасында екі кепілдік қоры іске қосылғаны туралы мәлімет берілді. Оның бірі шағын және орта бизнесті қолдауға арналған, ал екіншісі құны 7 миллиард теңгеден асатын ірі жобаларды қаржыландыруды көздейді.

Бұдан бөлек, Президентке тікелей инвестиция тарту бойынша бірқатар бастама, соның ішінде иштелдік серіктестермен бірлескен қорлар арқылы ауыл шаруашылығы, өңдеу және тау-кен металлургиясы салаларында жобалар жүзеге асырылатыны жөнінде мәлімет берілді. Аталған қорлар «Астана»

халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында құрылады.

Мемлекет басшысы еліміздің орнықты экономикалық дамуы үшін ұсынылып отырған бастамаларды орындаудың маңызын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» холдингіне екінші деңгейлі банктермен бірлесіп, экономиканың нақты секторын қаржыландыруды, Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту ұлттық жобасын іске асыруға қаржы тарту мәселесін шешуді тапсырды. Президент алға қойылған жоспарларды тиімді іске асыру қажет екеніне баса назар аударды.



ОҢТҮСТІК ӨНІРЛЕР ҮШІН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Электр стансалары мен құрылғыларының тозығы жеткендіктен, елімізде электр энергиясының тапшылығы жыл өткен сайын сезіліп келеді. Бұл – Мемлекет басшысының назарындағы маңызды мәселе.

Оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Президент тапсырмасымен Қызылорда облысында құны 800 млрд теңге, қуаттылығы 1100 МВт болатын бу-газ қондырғыларының құрылысы жоспарланған. «Самұрық Энерго» компаниясы Катар инвесторымен келіссөз жүргізіп, техникалық-экономикалық негіздемесін әзірледі. Жаңа бу-газ қондырғыларын салу үшін облыс әкімдігі 280 гектар жер телімін бөлді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өте маңызды жобаны 2028 жылы іске қосу жоспарланып отыр. Ол еліміздің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының тапшылығын болдырмауға бағытталған.

Сондай-ақ республиканың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өйткені оңтүстік өңірлерге табиғи газ тарту мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін салу көзделген. Ұзындығы 1500 шақырым болатын газ желісінің 843 шақырымы Қызылорда облысының территориясымен өтеді деген болжам бар.

Оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау

мақсатында қолға алынған тағы бір жұмыс – Қызылорда қаласында 240 МВт электр энергиясы мен 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығын салу. Құны 215 млрд теңге көлеміндегі құрылысты Түркияның «Aksa Energy» компаниясы қызу жүргізіп жатыр. Бүгінгі күнге жобаның құрылысына 137 млрд теңгеден аса инвестиция салынды.

Басқарманың мәліметінше, жоба аясында қуаттылығы 180 МВт болатын 2 газ-турбина қондырғысы (General Electric, АҚШ), 95 МВт-тық бу турбинасы (Doosan Skoda, Чехия), қуаттылығы 120 тн/сағ құрайтын 2 бу қазандығы (AC BOILER, Италия) мен 150 Гкал/сағ құрайтын 4 жылу қазандығы (Mitsubishi, Түркия) салынады. Қазіргі кезде негізгі қондырғылар толық көлемде жеткізіліп, орнатылуда. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстарының 70%-ға жуық бөлігі аяқталды. Осы орайда құрылыс барысы мен сапасы аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бақылауында екенін айтуға тиіспіз.

Жаңа станция облыстың электр энергиясына қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді. Оны 2025 жылдың 4 тоқсанында іске қосу жоспарланған.

Назирке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтіп, күн тәртібінде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру, құрылыс саласын цифрландыру, қала құрылысы кадастры мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Аймақта «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 28 медициналық нысан салынып, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуде. Шұғыл медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру үшін 9 млрд 773 млн теңгенің 4 жобасы қолға алынған.

Өткен жылы Шиелі ауданындағы қосымша ғимарат пен жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысына Үкімет резервінен 3 млрд теңге бөлініп, жұмыс жүрді. Нысандар маусым айында іске қосылады. Биыл Арал, Жаңақорған, Қазалыдағы көпбейінді аудандық ауруханалар ғимараттарына қосымша құрылыс салуға арнаулы мемлекеттік қордан 6 млрд 900 млн теңге қаралып, құрылысы басталды. Жыл аяғында пайдалануға беру жоспарланған.

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!

2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ
ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС ГАЗЕТТЕРІНЕ
ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы» газетіне
жазылу бағасы
жекелер үшін:
6 айға – 4000 теңге;
мекемелер үшін:
6 айға – 5000 теңге

ҚАЗАНАМА

ҚАМБАРБЕК АМАНГЕЛДІҰЛЫ МҮБАРАКОВ

2025 жылдың 29 сәуірі күні 52 жастан асқан шағында белгілі қаржыгер-экономист, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Жаңақорған және Шиелі аудандарының құрметті азаматы, Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбаракوف дүниеден озды.

Қамбарбек Амангелдіұлы 1973 жылы 2 наурызда Жаңақорған ауданы «Түгіскен» селосында дүниеге келген. 1990 жылы Жаңақорған ауданы «Өзгерт» совхозында №224 орта мектепті бітірген. 1996 жылы Қызылорда Агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының АӨК экономист-менеджер мамандығы бойынша, 2005 жылы Қазақ Гуманитарлық Заң университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1990-1991 жылдар аралығында «Өзгерт» совхозында қырманды слесарь болып бастаған. 1997 жылы қаңтар айынан мамыр айына дейін Қызылорда облысы бюджет банкіінде инкассатор, 1997-2001 жылдар аралығында Қызылорда облысы бойынша салық комитетінде маман, бас маман, 2001-2002 жылдар аралығында Қызылорда облысы Шиелі ауданы бойынша салық комитетінде төраға орынбасары, 2002-2004 жылдары Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы қызметін атқарған.

2004-2008 жылдары Қызылорда облысы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, 2008-2009 жылдары Шиелі ауданы бойынша салық басқармасының бастығы, 2009-2011 жылдары Шиелі ауданы әкімінің орынбасары болды.

Одан кейін 2011-2018 жылдар аралығында Қызылорда облысы тексеру комиссиясының төрағасы, 2019-2020 жылдары Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, 2020-2021 жылдар аралығында Шиелі ауданының әкімі, 2021-2022 жылдары Ы.Жақаев атындағы Қазақ



күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, 2022-2023 жылдары облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы қызметін атқарды. 2023 жылдың 19 мамырынан бастап өмірінің соңына дейін облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы болды.

Қамбарбек Мұбаракوف қандай қызметте де

адал еңбегімен абыройға кенеліп, өңірдің салық, қаржы-экономика салаларының дамуына ерекше еңбек сіңірді.

Азаматтық ұстанымымен, іскерлігімен, мол тәжірибесімен көпке үлгі бола білген ардақты азамат атқарған қызметіне сай мемлекеттік марапаттарға ие болды.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен, «Үздік мемлекеттік қызметші», «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін», Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы медальдарын иеленді. Жаңақорған және Шиелі аудандарының құрметті азаматы.

Мемлекеттік қызметтің түрлі сатысынан өткен тәжірибелі маман ретінде жас буынға ақылшы аға, отбасына қадірлі әке, дос-жаранға сыйлы замандас, қызметтестерге абыройлы әріптес бола білген Қамбарбек Амангелдіұлының жарқын бейнесі көптің жадында ұзақ уақыт сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат,
«Аманат» партиясының облыстық филиалы,
облыстық Қоғамдық кеңес және
облыстық Ардагерлер кеңесі

Марқұмды ақтық сапарға шығарып салуға байланысты қаралы жиын 30 сәуір күні сағат 12:30-да, намазы 13:00-де Жаңақорған кенті, С.Сапарбеков көшесі №154 үйде өтеді.

Жеті күндік асы 5 мамыр күні сағат 13.00-де Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан 14, «Ақмешиит-Сырдария» мешиитінің асханасында беріледі.

Қырық күндік асы 7 маусым күні сағат 13.00-де Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі №21 мекен-жайында «Дария» мейрамханасында беріледі.

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«ХАЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының сапасын тексеру бойынша «Халықтық бақылау» жобасы іске қосылады. Бұл туралы «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев айтты, - деп хабарлады «Қазақпарат».

2025 жылғы 1 мамырдан бастап республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының сапасын тексеру бойынша кең ауқымды «Халықтық бақылау» жобасы іске қосылады. Жобаның мақсаты – еліміздің әрбір азаматын салынып жатқан республикалық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша қоғамдық бақылауға шақыру.

– «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы өз кезегінде анықталған кемшіліктер мен мәселелерге ден қойып, оны қысқа мерзімде шешуді қамтамасыз етпек. Жобаға қатысу үшін 1403 байланыс орталығына хабарласып, өтінім қалдыру керек. Нысандарды аралау кестесін «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының www.qaz.kz ресми сайтынан көруге болады, – деді басқарма төрағасы Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте.

АНОНИМДІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ: ҚЫЛМЫСТЫ АШУҒА КӨМЕКТЕСЕ АЛАСЫЗ

ІІМ есірткі қылмыстары туралы анонимді хабарламаларға арналған телефон нөмірлерін жариялады, - деп хабарлайды Tengrinews.kz.

– Жаңа есірткі қауіпінің тез таралуына, жастарды заңсыз есірткі айналымына тартуға цифрлық арналардың қолданылуына байланысты балаларымызды, жасандарымызды және еліміздің болашағын қорғау үшін күш біріктіруіміз қажет. ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті есірткі қылмыстарын, әсіресе, оған көмектесуші толғағандарды тарту жағдайларын анықтау, жолын кесу және алдын алу бағытында бар күш-жігерін салып жұмыс істеп жатыр, – деді ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті төрағасының міндетін атқарушы Данияр Мейірхан.

Ол бұл мәселені тек құқық қорғау органдарының күшімен шешу мүмкін емес екенін айтты.

– Сіздерді бейжай қалмауға шақырамыз. Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аударыңыздар. Заңсыз сату бойынша күдік тудыратын интернет ресурстарға, граффити мен кодтары бар жарнамаларға мән беріңіздер, – деді Данияр Мейірхан.

Маңызды ақпаратты анонимді және қауіпсіз түрде хабарлауға болады. Бұл қылмыстың алдын алып, біреудің өмірін құтқаруға көмектесуі мүмкін.

АУТИЗМНІҢ АРТУЫНА ЕКПЕНІҢ ӘСЕРІ БАР МА?

Үкімет отырысынан кейін өткен брифингте Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнazarova балалардың екпесіне қатысты сұраққа жауап берді, – деп хабарлайды BAQ.KZ.

Кейбіреулер аутизммен ауыратын балалар санының артуына еке әсер етіп жатыр деген ойда. «Балалар денсаулығындағы бұл ауытқуға екпелі қатысы бар ма?» деп сауал қойды журналист. Министр бұл пікірдің негізсіз екенін кесіп айтты.

– Бұл – миф. Себебі барлық мемлекет екпенің көмегімен балаларды инфекциядан қорғап келеді. Сондықтан мұны екпемен байланыстыруға болмайды, – деді министр. Вedomство басшысының айтуынша, аутизм диагнозының жиі қойылуы медицинаның дамып, ерте анықтау мүмкіндігінің артқанымен байланысты.

– Аутистикалық ауытқуы бар балалардың саны артып жатқандай көрінеді. Бірақ бұл – шын мәнінде ерте диагностиканың нәтижесі. Ауытқуды ерте анықтау өте маңызды. Себебі алдын ала ем жасап, бала мектеп жасына жеткенше қоғамға бейімделуіне көмектесуіміз керек, – деді Ақмарал Әлнazarova.

«СБ» ақпарат

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚҰРЫЛЫСТА САПА МЕН МЕРЗІМ БАСТЫ НАЗАРДА БОЛУЫ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте аудандарда пайдалануға берілген құрылыс нысандарының, жүзеге асырылу сатысындағы жобалардың жай-күйі талқыланды.

Аймақ басшысы жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, әлеуметтік маңызы бар нысандарды сапалы әрі кестеге сай мерзімінде аяқтауды, тазалыққа және абаттандыруға қатысты жұмыстардың қарқынын күшейтуді жүктеді.

Таза Қазақстан

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯ

ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЛАРЫ АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

Жуырда Астанада өткен «Таза Қазақстан» республикалық экофестиваліне облыстан 6 делегат барды. Онда туған жерге жанашырлық танытқан, санасы сергек, ойы ұшқыр белсенді жастарға Мемлекет басшысы алғыс білдірді. Олардың қатарында облыстық жастар орталығы директорының орынбасары Қорған Өтегенов те бар.

– Фестиваль аясында ағаш отырғызу, экологиялық көрмелер, жасыл технологияларды таныстыру шаралары өтті. Сонымен қатар, қатысушылар үшін экологиялық білім беру бойынша түрлі шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Жастар мен еріктілер қозғалысының белсенді мүшелері, экобелсенділер мен мектеп оқушылары атсалысты.

Шараға арнайы қатысқан Қасым-Жомарт Тоқаев экологиялық тәрбиенің маңызын ерекше атап өтті. Президент Қазақстанның экология саласындағы халықаралық міндеттемелерге адал екенін айтты. Табиғат-Анаға деген жауапкершілікті ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді тапсырды. Осындай үлкен шараға облыс атынан барып, Мемлекет басшысының қолынан марапат алғанға қуаныштымын. Бұл маған екі есе жауапкершілік жүктейді. Алдағы уақытта да туған жердің тазалығын арттыруға үлес қоса беремін, – дейді Қорған Өтегенов.

Айта кету керек, облыс көлемінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейтуді-жаңаландыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен өтіп жатқан «Таза Қазақстан» акциясында көзделген шаралардың іске асырылуына полиция департаменті де үлесін қосуда. Елді мекендердегі қалдықтарды жою, абаттандыру қағидаларын бұзудың алдын алуда тиісті профилактикалық шаралар ұйымдастыруда.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Руслан Әлдішев айтты.

Полиция қызметкерлерінің міндеті – қоғамдық ортаны ластағандарды, абаттандыру қағидаларын бұзғандарды, стихиялық коқыс орындарын және олардың пайда болу көздерін анықтау және алдын алу.

Осы орайда жергілікті полиция қызметінің табиғатты қорғау полициясы ұйымдастырушылық-талдамалы бөліністерімен бірлесіп, жамылдырылған күштер мен құралдарды үйлестіру және атқарылған істі талдау үшін жұмыс тобы құрылды.

Брифингте Р.Әлдішев жыл басынан бері 5051 әкімшілік құқықбұзушылық анықталғанын айтты.

– Әкімшілік-құқықбұзушылық туралы кодекстің 505-бабы бойынша 3434 құқық-бұзушылық тіркеліп, 412 860 теңге айыппұл салынды. Ал кодекстің 434-2 бабы бойынша 1617 құқықбұзушылық анықталып, 44 млн теңгеден астам айыппұлдың 22 млн 65 мыңы мемлекет пайдасына өндірілді. Стихиялық коқыс орындары анықталған жағдайда құжат жинақталып, экология департаментіне жолданады,– делі ол.

Қазіргі уақытта «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жұмыстар қарқынды жалғасуда.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Аймақ

Мемлекет басшысының бастамасымен осыдан 3 жыл бұрын құрылған Ұлттық құрылтай қоғамдық диалогты нығайту, ұлтты ұйыстыру және ел дамуының стратегиялық мәселелерін талқылау мақсатында жұмысын бастады. Бұл институт билік өкілдері, сарапшылар қауымдастығы және азаматтық қоғам арасында ашық пікір алмасуды қамтамасыз ету арқылы қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимылы үшін мағыналы алаң бола алды.

Ұлттық құрылтайдың қоғам дамуындағы мынадай рөлдерін атауымызға болады: ұлттық бірлікті нығайту; демократиялық институттарды дамыту; ұлттық даму стратегиясын қалыптастыру; дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды қолдау; азаматтық қоғамды дамыту. Демек, Ұлттық құрылтай қоғамды ұйыстыру, мемлекеттік саясаттың ашықтығын арттыру және елді басқару процестеріне азаматтық қатысуды күшейтудің елеулі тетігіне айналды.

Адам және оның жасампаздық әлеуетіне ерекше мән берілген осы жылғы Құрылтайда Мемлекет басшысы бірнеше мәселелерге тоқталды. Ең алдымен еліміздің әлеуметтік мемлекет ретіндегі қызметі назарымызды қажет етеді. Білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салу жалғасатынын айта келе, еліміздегі салық саясатындағы қарама-қайшылықтар белгілі болды. Кәсіпкерлер арасында пайда болған екі негізгі топ ішінде барлық салықты адал төлейтіндер бәсекеге төтеп бере

тарихи әділдік жауап беруге мәжбүр. Тарихи әділдік қағидатын қатаң ұстану ұлттық бірегейлікті сақтау және әділетті қоғамдық қатынастарды орнатуға ықпал жасайды. Осылайша, тарихи әділдік ғылыми негіздемелерді басшылыққа алуы тиіс. Өйткені, кез келген неопотизм белгілерін пайдалану объективтілікке нұқсан келтіреді. Сондықтан бұл бастамада тарихи шынайылыққа негізделген көзқарас басым болғаны дұрыс.

«Өз ұлтыңды өзгелерден биік қою түптің түбінде жара жығады» көзқарасы ұлтшылдық пен ұлттық мақтаншыл арасындағы шекараны білдіреді деп ойлаймыз. Ұлттың өзінде қадір-қасиетін түсіну және бағалау маңызды болғанымен, өзгелерден биік қою қауіпті. Мұндай ұстаным қоғамдағы бөлінушілік, төзімсіздік және оқшаулануға әкелуі ықтимал. Халқымыздың тарихи және мәдени жетістіктерінің көптігіне қарамастан, әрбір халықтың өзіндік құндылықтары мен ерекшеліктері бар екенін ұмытпаған жөн. Басқа ұлттармен өзара сыйластық пен ынты-

өзектілігін көрсетіп отыр. Бұл қадам стратегиялық көзқарас және әлемдік технологиялық процестерге белсенді қатысу қажеттігін білдіреді, елді прогрессивті түрде дамытады. Қазіргі әлемде цифрлық технологиялардың мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтудағы маңыздылығы жоғары, ал жасанды интеллект экономика, еңбек нарығы және мемлекеттік басқаруды өзгерте алады. Биоджеттік пронестер, салықтық және кедендік әкімшілендіруді оңтайландыру, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жеңілдетуге көңіл бөлінуі қуантады. Ұсыныстар мемлекеттік институттар жұмысының тиімділігін жоғарылатады, басқарудың ыңғайлы және ашық жүйесін құрады.

Мемлекет басшысының жасанды интеллект бойынша Қазақстан дамуының басым бағыттары жөніндегі көзқарастары – елдің тұрақты ілгерілеуін қамтамасыз етудегі стратегиялық және перспективалық негіздер. Энергетика және агроөнеркәсіп кешені салалары – экономикалық өсу мен азық-түлік қауіпсіздігі үшін маңызды бар іргелі секторлар. Салаларды инновациялық технологияларды пайдалана отырып дамыту еліміздің халықаралық аренадағы орнын нығайтады. Адами капиталдың басымдық ретінде айқындалуы да елеулі қадам. Өйткені адами капитал білім, ғылым және кәсіби дайындыққа салынған инвестицияның елдің жана дәуірдегі сын-қатерлеріне бейімделу қабілетін анықтайды. Мұндай жүйелі тәсіл Қазақстанның тұрақты ілгерілеуі мен өркендеуіне берік негіз жасайды.

Қорыта айтқанда, Ұлттық құрылтайдың жұмысы еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде жетекші рөл атқарып, ұлттық бірлікті нығайтуға, демократиялық институттарды дамытуға және азаматтық қоғамды қалыптастыруға серпін береді. Мемлекет басшысының бастамалары мен ұсыныстары Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралардың негізгі ретінде қарастырылады. Құрылтайда көтерілген мәселелердің ішінде әлеуметтік әділеттілік, салық саясатының айқындылығы, қоғамдық әділдіктің сақталуы және тарихи әділдіктің орнығуы ерекше маңызға ие. Бұл мәселелер азаматтардың құқықтарын қорғау мен қоғамдағы сенім деңгейін арттыру тұрғысынан өзекті. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің ролі, цифрлық технологиялардың ықпалы және адами капиталды дамыту мәселелері елдің стратегиялық дамуы үшін сұраныстағы факторлар ретінде белгіленді. Осылайша, Ұлттық құрылтай еліміздің қоғамдық-саяси жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып, қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимылын нығайтуда маңызды тетік болуда. Алдағы уақытта да бұл алаң ұлттық даму стратегиясын жетілдіру мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында тиімді жұмыс істейді деп сенеміз.

Ал осы құрылтайдың ендігі отырысын Сыр елінде өткізу туралы шешім біріміздің мерейімізді өсірді.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Коркыт ата атындағы Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры

Аудан жаңалықтары

МУЗЫКАНТТЫ ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ

Б.Шөкенов атындағы сабақта талантты жерлесіміз, өнер әлеміне өшпес мұра қалдырған музыкант Батырхан Шөкеновті еске алу шарасы өтті.

Шара тағзым гүлін қойып, бір минут үнсіздікпен еске арудан басталды. Қала әкімінің орынбасары Бақытжан Омаров және Б.Шөкеновтің ағасы Мүсірәлі Шөкенов виртуоз музыкант, талантты өнші, композитор жайлы естеліктер айтты. Өнші, композитор Ғалым Елубаевтың орындауында Батырханның әндері шырқалды.

«СҮЛЕЙДАРІЯ» СЫР-СҰХБАТ КЕШІ

Жерлесіміз, эпик жыршы, өнші, этномызыкатушы Берік Жүсіпов биыл 55 жастың төріне шықты.

Осыған орай дарын несі аудандық мәдениет үйінде жерлестерімен жүздесіп, жырға сусаған қауымның көңіл сарайын шаттандырды.

Көпшіліктің рухани таным-түсінігін байытып, жырмен сусындатқан мәдени басқосуда аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев кеш иесінің өнер мен ғылымға, мәдениет пен руханиятқа қосып келе жатқан үлесін ерекше айтып, жылы лебізін білдірді. Иығына шапан жауып, қазақы дәстүрге сай құрмет көрсетті.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Өйтеке би кентіндегі әлеуметтік нысандарды аралап, жай-күйін көрді.

Алдымен Жалантөс баһадүр атындағы орталық стадионға барды. Сондай-ақ №№288, 165, 216 мектептер және Қазалы спорт клубы, 5-кварталдағы кент кітапханасы мен Қазалы теміржол ауруханасындағы жұмыстарды назардан тыс қалдырмады. Аталған мекемелердің басшыларына сенбілік ұйымдастыруды, көркейтуді-жаңаландыруды, тазалық жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

ТӘРБИЕ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Аудандық мәдениет үйінде жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында «Заң мен тәртіп – жас ұрпақ тәрбиесіндегі темірқазық» тақырыбында кеңейтілген мәжіліс өтті.

Мәжілісте құқықбұзушылық пен қылмыстың жағдайы және оның алдын алу бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар туралы баяндама тыңдалды. Аудан әкімі Жандос Еркінбек «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шараларын тұрақты түрде ұйымдастыруды және кешенді түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯ ЖАЛҒАСУДА

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауданда тазалық жұмыстары жалғасуда. Оған мекеме қызметкерлерімен бірге көше тұрғындары да атсалысты.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларына санитарлық тазалау жұмыстарын тиімді ұйымдастыруды тапсырды.

Акция кезінде кенттің негізгі көшелері мен жаяу жүргіншілер жолдары тазартылып, көше бойындағы ағаштар әктелді, аяқсу қарықтары тазаланып, коқыс қалдықтары шығарылды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ОҚИТУ

Аудан әкімі аппараты мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Ернар Зұлқарнаев кент және ауылдық округ әкімі аппараттарының заңгерлеріне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» және «Алаяқтық қылмыстарының алдын алу», заңнамаға енгізілген өзгерістерді түсіндіру үшін құқықтық оқыту өткізді.

Бөлім басшысы аталған тақырыптарда мамандарға бірнеше тапсырма берді. Алаяқтықтың алдын алуда халық көп шоғырланатын орындар мен қоғамдық орындарға жадынамалар ілуді, кент және ауылдық округтердің көшелеріне көлемді баннерлер орналастыруды тапсырды.

ЖӘРМӨКЕДЕ 13 ТОННА ӨНІМ ҰСЫНЫЛДЫ

Кент орталығында азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі өтті. Онда барлық өнім базар нарқынан 15-20% төмен бағада сатылды.

Жәрменкеде тұрғындарға 13 тонна өнім ұсынылды. Атап айтқанда, 3 тонна картоп, 1,5 тонна жуа, 1,5 тонна сәбіз, 4,5 тонна күріш, қарақұмық, макарон, 360 литр пісте май, 100 литр сүт, ет, бал, 150 келі тұз, 100 келі сөк-талқан сатылды.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР

Түгіскен ауылының дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенінде Қазақстан Республикасының спорт шебері Мейрамбек Садықовты еске алуға арналған қазақ күресінен 2010-2011 жылы туған кіші жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир өтті.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов құттықтай сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Республикалық турнирге 7 облыс, 2 қала және аудандардан 17 команда, 350 спортшы қатысты.

Дайындаған Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

БАУЫРМАЛДЫҒЫ БӨЛЕК ЕДІ

Жаксы інінің жанымыздан ерте кеткені қандай өкінішті?! Марқұм Амангелді Абдуллаевтың перзенттері ішінде дараланып, білім-білігі, адами қасиеттерімен көпке сыйлы болып жүретін Қамбарбек бауырымыздың қазасы бәрімізге ауыр соғып отыр.

Ол – саясаткер, мемлекеттік қызметке жан-тәнімен берілген, салық, қаржы-экономика саласының барлық мектебінен өткен білікті маман еді. Жаңақорғанның «Түгіскен» ауылында туған Қамбарбек әкесінің қызмет бабына сай орта мектепті «Өзгентте» бітірді. Еңбек жолын сол совхозда қырманда қарапайым слесарь болып бастады. Онан кейін Қызылорда Агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының АӨК экономист-менеджер мамандығы, Қазақ гуманитарлық заң университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбектің ыстық-суығын жаксы білетін азамат әкеден алған тәрбие мен өмірлік ұстанымын ұштастыра жүріп қызмет жолында біршама жетістіктерге жетті.

Елекке салып отырсам, Қамбарбек Жаңақорған, Шиелі аудандарының, облыстың салық, қаржы-экономика салаларының дамуына айтарлықтай еңбек сіңірген. Осылардың қатарында Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, аудан әкімі, облыстық тексеру комиссиясының төрағасы, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, экономика және қаржы басқармаларының басшысы қызметін атқарды.

Міне, осындай қызметтердің зор жауапкершілігін жан-тәнімен сезініп, күш-жігерін аянбай жұмсаған ардақты азаматтың жүрген жолында жаксы аты, абыройлы ісі, адамгершілік болмысы аталды.

Қамбарбек мықты маман ғана емес, отбасының тірегі, ақылшысы ретінде де ағайын-туыс, дос-жаранға құрметті болатын. Жан жары Айнұр екеуі екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан өрбіген бүгінге дейінгі бес немеренің бақытын сезініп отырған ардақты әке еді.

Амал қанша, «Кіші Қамбардан жалынды сәлем» деп ізеттілік ізімен әркез қонырау шалып, дидарласып тұратын қадірлі іні енді арамызда жоқ.

Ағайын-туысқа, бауырларына қайғыларына ортақтасып көңілі айтамын.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Қамбар ӘЖІБЕКОВ

Қамбарбек Амангелдіұлы Мұбаракوف



АДАМГЕРШІЛІГІ МОЛ АЗАМАТ

Қамбар Амангелдіұлы дүниеден өтті деген суық хабар жан дүниемді қарып өтті. Өйткені мен үшін Қамбар ешқандай жаманшылыққа қимайтын, көп жылдан бері жанұямызбен бірге араласып, ағалы-інілі болып сыйласып келе жатқан жан еді.

Қамбар Амангелдіұлы Шиелі ауданында біраз қызмет атқарды. Аудандық салық комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, 2009-2011 жылдары аудан әкімінің орынбасары қызметінде абыройлы болды. Осы уақыттарда өзін іскер маман, ұйымдастырушылық қабілеті мол басшы

ретінде таныта білді және аудан экономикасының артуына үлкен үлес қосып отырды. Оның қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі әркез ерекшелендіріп тұратын және жұрт сол үшін де оны жаксы көруші еді.

2020 жылы Қамбар ауданға әкім болып келгенде, аудан жұртшылығы өзінің бір баласы келгендей қатты қуанды. Өйткені оның қарапайымдылығы, адамгершілік қасиеті, әрі іскерлігі жұрттың жадында еді.

Қазақ «Жігіттің жүрген жері Мысыр шаһар» деп жатады. Бәлкім ол сөз жігіттің барған жеріне бал-

дай сіңіп, халықпен етене араласып кеткенінен айтылған болуы бек мүмкін. Сол қасиеттің бәрі Қамбардың бойында бар еді. Амал қанша Алла бауырымыздың алдынан жарылқасын. Оның жанұясы мен туған-туыскандарына көңіл қосын білдіре отырып, отбасы мен әулетіне амандық тілеймін. Қамбар бауырымын жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, нұры пейіштің төрінде жарқырап тұрсын.

Сұлтаибек
ОРАЗЫМБЕТОВ,
Шиелі ауданының
Құрметті азаматы

БЕЙНЕҒІЗ МӘҢГІ ЖАДЫМЫЗДА...

Болмысы бөлек, ұстанымы берік әріптесіміз Қамбарбек Амангелдіұлының мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты суық хабар қабырғамызды қайыстырып, орны толмас өкініш өзегімзді өрттеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы Жарлығына сәйкес өңірлерде Тексеру комиссиялары құрылып, Қамбарбек Амангелдіұлы Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының тарихында алғашқы төрағасы болып тағайындалып, 2011-2018 жылдар аралығында қызмет атқарды.

Басқару кезінде Қамбарбек Амангелдіұлы Мемлекет басшысының алға қойған тапсырмаларын мұлткізсіз орындап, жергілікті бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына, Тексеру комиссиясының жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің, оның ішінде «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» туралы Заңның қабылдануына зор үлесін қосты.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің өңірлер арасындағы бағалау нәтижесімен Қамбарбек Амангелдіұлы басқарған ұжым алғашқы бестікте болды.

Оның бастамасымен 2016 жылы 20 қызметкер мемлекеттік аудитор, 4 қызметкер жоғарғы мемлекеттік аудитор сертификаттарын иеленді.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы лауазымын мінсіз атқарғаны үшін 2011-2018 жылдары Қамбарбек Амангелдіұлы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Үздік мемлекеттік қызметші», «І, II дәрежелі Қаржы сақшысы» төсбелгілерімен, республика және облыс басшылығы тарапынан алғыс хаттармен марапатталған.

Ол білікті басшы, өмірлік жолын абыроймен өткізген, оң істердің жемісін қалдырған ардақты азамат.

Қамбарбек Амангелдіұлының жарқын бейнесі Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы ұжымының жадында мәңгі қалады.

Ұжым атынан, отбасына қайғыра көңіл айтамыз. Өскеден ұрпағына ұзақ ғұмыр нәсіп етіп, асыл азаматтың иманы саламат болсын!

М.ҚАЛДАРБЕКОВ,
Қызылорда облысы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы

САУАТТЫ БАСШЫ, СЕНІМДІ ӘРІПТЕС

Ғұмырының басым бөлігін өңіріміздің қаржы-салық саласына арнаған Мұбаракوف Қамбарбек Амангелдіұлы елуден асқан шағында келместің кемесіне мініп кете барды.

Қамбарбек Амангелдіұлы 1997 жылдың мамыр айында салық жүйесіндегі қызметін Салық басқармасы жанама салықтар бөлімінің маманы лауазымынан бастаған.

Еңбекорлықы мен қабілетінің және жұмысына өте мұқият болуының арқасында қызметте сатылап көтеріліп, 2001-2002 жылдар аралығында Қызылорда облысы Шиелі ауданы бойынша Салық комитеті төрағасының орынбасары, 2002-2004 жылдары Жаңақорған ауданы бойынша Салық комитетінің төрағасы, 2004-2008 жылдары Қызылорда облысы бойынша Салық комитеті төрағасының орынбасары лауазымдарын, Шиелі және Жаңақорған аудандары бойынша Салық басқармасының бастығы, өмірінің соңғы жылдары облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы болып қызмет атқарған.

Мемлекеттік саладағы мінсіз қызметі үшін «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен, мерекелік медальдармен марапатталған, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталған, республика және облыс басшылығы тарапынан сан мәрте марапат пен алғыс хаттарға ие болған.

Марқұм әріптесіміз Қамбарбек Амангелдіұлы өте сауатты, салық саласының қыр-сырын толық меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, өз саласының ардагерлерін бағалай білген жаны жайсаң жан еді.

Қай саланы алсаңыз да, «басшы былай болуы керек» деген қатып қалған қағида жоқ. Әр басшы өз қабілет-қарымдына қарай ізденеді. Күнделікті жаңалықтардан хабардар болмаған қаржыгер-салықшы тоқырап қалады. Біліп, білімін толықтыру, оны күнделікті жұмысында дұрыс қолдану арқылы

ғана оң нәтижеге жетуге болатынын жадында ұстаған адам ғана көптің ықыласына бөленетіні белгілі.

Иә, қайран Қамбарбек Амангелдіұлы өмірге құштар, өзгелердің де өмірін жаксы жағына өзгертуге бейім тұратын жайсаң жан еді. Адам қайткенде де бірінші кезекте адам болып қалуына, содан кейін ғана мамандығын адал атқаруына ерекше мән беретін.

Басшы ретінде кадрлардың кәсіби біліктілігін көтерумен қатар, адами қасиеттерін жоғары ұстауға жігерлендіретін. Жоғары оқу орнын бітіріп келген жас мамандарға үнемі баса назар аударатын. Қабілеті мен бейімділігіне қарай кадрларды орналастыруды дәстүрге айналдырған. Сол арқылы әркімнің өз саласындағы жауапкершілігін арттырып, салық төлеушілерге мейлінше сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді мақсат ететін.

Үлкенге – іні, кішіге – аға болып, ізет-құрметін көрсетуден жалықпаған, төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жакын мен алысты бірдей тең көрген жаны жайсаң жан еді...

Қамбарбек Амангелдіұлы енді арамызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны. Кенеттен келген дерт әріптесімізді арамыздан алып кетті.

Адам – бұл дүниенің қонағы. Мұндайда сабырға қайрат қосатын, қайнаған қүйкіті басатын жұбату айту қиын екен.

Тек артында қалған жұбайына, бауырларына, балаларына «шүкірлік етейік, сабыр сактайық, болған іске болаттай болыңыздар» дегіміз келеді.

Әріптесіміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Ғани АМАНОВ,
Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің басшысы

КӨҢІЛДЕН КӨШПЕЙТІН ЕСІМ

Әріптесіміз, қаржы қызметінің үздігі, облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Мұбаракوف Қамбарбек Амангелдіұлының мезгілсіз дүниеден өтуі бәрімізге онай соққан жоқ.

Қамбарбек Амангелдіұлы өз ісіне мығым, жұмысына жауапты, ұжымға сыйлы, салаға жанашыр азамат бола білді және ауыл шаруашылығының өсіп-өркендеуіне мол үлес қосты.

2019 жылы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын басқарған уақытта ауыл шаруашылығында 130,2 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 7,5 пайызға артты.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығының негізгі қорына 6,7 млрд теңге инвестиция тартылып, 16,6%-ға өсті.

Суармалы суы тиімді пайдалану бойынша қабылданған шаралардың арқасында су тапшылығы мәселесі ше-



шімін тауып, нәтижесінде облыс ди-каандары 530 мың тоннадан (60,3 цн/га) астам күріш өнімін жинап, рекорд жаңартылды.

Облыстан экспортталатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрі 3-тен 19-ға жеткізіліп, Иран мемлекетіне 789 бас қой және Өзбекстан мемлекетіне

212 бас түйе, 250 бас МІҚ, БАӨ-ге 950 бас қой жөнелтілді. Бұдан бөлек, Қытай мемлекетіне 40 тонна жүн экспортталды.

Инвестициялық құны 2,3 млрд теңгені құрайтын 19 жоба іске қосылып, жалпы 198 жұмыс орны ашылды (Оның ішінде, 7 күріш зауыты, ет пен сүт

шаруашылығы бойынша 12 жоба).

Төрт түлік мал басы өсіп, оның өндіру тұрақты ұлғайды. Міне, осындай жұмыстардың жүзеге асуында Қамбарбек Амангелдіұлының үлкен еңбегі бар. Бұл бір ғана басқармада бастамашы болған жұмыстың көрінісі десек, өзге де лауазымды қызметтерде атқарған жұмысы, адамгершілік болмысы әріптестерінің көңіл төрінде деп білеміз.

Жаны жайсаң, көңілі кең, пейілі ақ, әріптесіміз Қамбарбек Амангелдіұлының жарқын бейнесі ел-халықтың жадында мәңгі сақталады!

Марқұмның топырағы торқа, жаны жаннатта, иманы саламат болсын, Алла панасына алып пейіште нұры шалқысын.

Облыстық ауыл шаруашылығы
және жер қатынастары
басқармасының ұжымы

ҰЖЫМДАСТАРҒА ҮЛГІ БОЛА БІЛДІ

Әрине, түрлі салаға жетекшілік ету, оның кемшіліктерінен жұмыс жасап, сол саланы жетілдірудің, дамытудың көзін таба білу ерекше біліктілікті, ұқпайтылықты талап етеді.

Бұл қасиеттер Қамбарбек Амангелдіұлының бойынан табылып, өңірдің экономикалық ахуалын арттыруда, қаржы қазанының толымдылығын қамтамасыз етуде қажырлы еңбегін көрсете білді.

Қамбарбек Амангелдіұлының тағы бір ұнамды қасиеті – ұжымдық тұтас-тыққа, ауызбіршілікке аса мән беретін. Бұл өз кезегінде ұжымдық бірлікті нығайтып, бір-біріне деген құрметті артырып, еңбектің нәтижелілігіне оң ықпал ететін.

Әр жылдары түрлі салаларда бірге жұмыс жасаған әріптестері күні бүгінге дейін оның біліктілігі мен адамгершілік қасиеттері жайында тек жылы лебізде.



Аса жауапкершілікті, тиянақтылықты талап ететін қаржы саласында әріптесіміз өзін білікті басшы екенін көрсете білді.

Еңбек жолының соңғы жылында бюджет жүйесінде атқарған еңбек, әсіресе орталық министрліктермен тығыз жұмыс жасап, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жобаларды тиімді жүзеге асыру нәтижесінде облыс

бюджеті соңғы 3 жылда 364 млрд теңгеден 750 млрд теңгеге жетті.

Соңғы жұмыс күндерінің өзінде алдағы үш жылдық бюджеттің көлемін қалыптастыру мәселелерін қарап, оның толымдылығын қамтамасыз ету шараларын талқылады. Яғни өз ісіне деген жанашырлығын, жауапкершілігін көрсетті.

Өңір экономикасы салаларындағы

жағдайға да аса жауапкершілікпен қарап, оның кем тұстарымен қатар, дамыту жолдарын қарастыра білді.

Нәтижесінде, экономикалық көрсеткіштердің динамикасы артып, Қызылорда облысы экономикасы тұрақты дамыған көшбасшы өңірлердің қатарына енді.

Қамбарбек Амангелдіұлы еңбекте талапшыл, алға қойған мақсатқа қол жеткізу істеріне аса мән беретін. Бұл қырларымен әріптестеріне, ұжымдастарына үлгі бола білді.

Ең бастысы – сабырлы жылы жүзі, ыстық ілтиматы жүздеген әріптестерінің, ұжымдастарының жүректерінде сақталып, мәңгілік естелік болып қалатыны анық.

Облыстық экономика
және қаржы басқармасының
ұжымы

Бақұл бол, ардақты әріптес

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясын басқарған өз ісінің білікті маманы, белгілі экономист-қаржыгер, мемлекеттік қызметте ұзақ жыл еңбек еткен Мұбаракوف Қамбарбек Амангелдіұлы өмірден озды.

Қамбарбек Амангелдіұлы 1973 жылдың 2 наурызында Жаңақорған ауданы «Түгіскен» ауылында дүниеге келген. 1992-1996 жылдары Қызылорда политехникалық институтын «Экономист-менеджер» мамандығы бойынша бітіріп, 2005 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетінде «Заңгер» мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын «Өзгент» совхозында қарапайым жұмысшы болып бастаған. Салық органдарында түрлі деңгейдегі басшылық лауазымдарда қызмет атқарып, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Шиелі ауданының әкімі, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының, экономика және қаржы бас-

қармасының басшысы қызметтерінде болып, өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарды.

Қамбарбек Амангелдіұлы 2011-2018 жылдары Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы кезінде мекеме жұмысының тиімділігін арттыруда жүйелі жұмыстар атқарды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, өзгелерге өнеге бола білді. Комиссия жұмысын реттейтін көптеген нормативтік-құқықтық актілерінің қабылдануына атсалысты. Соның ішінде 2015 жылы қараша айында «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» туралы заңның қабылдануын атап өтуге болады.

Қамбарбек Амангелдіұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады. Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреміз.

Қызылорда облысы бойынша
тексеру комиссиясының ұжымы

Жарқын бейнесі жадымызда сақталады

Сыр өңіріне белгілі қаржы саласының білікті маманы, Шиелі және Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы, «Ерен еңбегі» медалінің иегері, Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының басшысы Мұбаракوف Қамбарбек Амангелдіұлы дүниеден өтті.

Қамбарбек Амангелдіұлы 2021-2022 жылдары Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына басшылық етіп, күріш шаруашылығын дамытуға, ғылым мен өндірістің өзара тиімді байланысын жолға қоюға үлкен еңбек сіңірді. Ол іскерлігімен, парасат-пайымымен, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген, адамгершілік асыл қасиеттері мол, ұжымның шынайы сый-құрметіне бөленген азамат еді.

Білікті маман 30 жылдан астам мемлекеттік қызмет жолында Қызылорда облысы бойынша салық комитетінде, тексеру комиссиясында, түрлі

басқармаларда, аудан әкімдігінде басшылық лауазымдарды зор жауапкершілікпен атқарып, еліміздің үшін аянбай еңбек етті. Оның өмірлік ұстанымы мен елге деген адалдығы, туған өңірдің өркендеуіне қосқан үлесі кейінгі ұрпаққа үлгі болмақ.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұжымы марқұмның отбасына және туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жаны жайсаң, пейілі дарқан, мінезі кішіпейіл Қамбарбек Амангелдіұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады.

Жатқан жеріңіз жайлы, нұрыңыз пейіште шалқысын.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ
күріш шаруашылығы ғылыми-
зерттеу институтының ұжымы

Салық саласының майталманы еді

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салық саласының майталман маманы, әріптесіміз Мұбаракوف Қамбарбек Амангелдіұлы 52 жастан асқан шағында өмірден өтті.

Қамбарбек Амангелдіұлы 1973 жылы Жаңақорған ауданы Түгіскен ауылында дүниеге келген. Салық саласындағы еңбек жолын 1997 жылы Қызылорда облысы бойынша салық басқармасы жанама салықтар бөлімінің маманы лауазымынан бастап, бөлім бастығы, 2004-2008 жылдар аралығында Қызылорда облысы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған. 2009 жылы Шиелі ауданы бойынша салық басқармасының бастығы болған.

Қамбарбек Мұбаракوف саналы ғұмырының 30 жылын салық, қаржы саласына арнап, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосты.

Ардақты әке, аяулы жар, кәсіби экономист, өз ісінің шебері, ұтымды ұйымдастырушылығы,



іскерлігі, талапшылдығымен әріптестеріне үлгі болып қала бермек.

Әріптесіміз Қамбарбек Амангелдіұлының жарқын бейнесі есімізде мәңгі сақталады.

Қызылорда облысы
бойынша мемлекеттік кірістер
департаментінің ұжымы



Жеңіс күні жақындаған сайын тарих бетін қайта парақтаймыз. Ұлы Отан соғысының отты жылдары алыстаса да, оның жаңғырығы ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында өмірін Отан қорғауға арнап, бейбіт өмір сыйлаған батырлардың бірі – соғыс ардагері Шамшадин Мусаев туралы әңгіме өрбітпекпіз.

ЕРЛІК пен ЕҢБЕК

Ол – елге Сары жырау деген атпен танылған Жансүгір Қанатұлының немересі. Қанаттан тараған Жансүгір, Күнсүгір, Айсүгір үшеуі де өз дәуірінде елге сыйлы, құрметі асқан азаматтар болыпты. Бірі – зергер, бірі – ғұлама, енді бірі – жырау. Шамшадин атамыз соғысқа небәрі 17 жасында аттанып, өмірдің ең қиын сынақтарын бастан өткерген.

Соғыста үш бірдей бауыры қаза тауып, қанды қырғыннан оралмады. Ол елін қорғауға ғана емес, майданда жүрген бауырларын қорсеп, олармен қауышсам деген арманымен де аттанды. Бірақ үміті ақталмады...

Қызы Бақытгүл Мусаева әкесі туралы айтқан естелігінде былай деп еске алады:

– Әкем 1942 жылы соғысқа алынған. Жастық шағы от пен оқтын арасында өтті. Әкесінің туған інілері Жанкелді, Жампоз, Жайбергеннен әлі күнге дейін дерек жоқ. Үлкен әжем Айсұлу балаларын айта-айта өмірден озды. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ болған соң, олардың басына түскен қайғыны толық түсіне алмауымыз мүмкін. Бірақ әкеміз ауыр мұңға батапты. Есімде, бала кезімде «совет-неміс» болып атысып ойнаймыз. Қолдан жасалған бірлі-жарым мылтық ойыншықтарымыз болды. «Немістер келді» деп шулап жүргенімізде, әкеміз ауыр күр-

сініп: «Балаларым-ай, неміс келді деп айтпаңдар» дейтін. Соғыстың сұрапыл естеліктері жадында қайта жаңғырғанын балалықпен түсінген жоқпыз, – дейді ол.

Майдангер соғыста Польша мен Беларусьті фашистерден азат етуге қатысқан. Бұл екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі еді.

– Әкем көп сөйлемейтін, томаға-тұйық адам еді. Шын мәнінде, тірі тарих болатын. Бірақ оны толық түсіне алмадық. Егер ұғынсақ, көзі тірісінде әңгімелерін жазып алар ма едік деп ойлаймын. Дегенмен, естеліктерінің кейбір сәттері жадымда қалыпты. Әкем әңгімесінде: «Соғысты Польшаның Варшава қаласында аяқтадым. Сол жерді азат етуге қатыстым. Бұған дейін Беларусь майданында шайқасып, азат еттік. Біз көрген қорлықты, кейінгі ұрпақ көрмесін» деп отыратын.

Енді бір әңгімесінде: «Айнала отқа оранып, оқ жауған түндер мен күндердің шегі жоқ еді. Үнемі атысып жүрдік. Бір нанды бөліп жеп жүрген жолдастарымыз көз алдымызда оққа ұшаттын. Бізге төсек қайдан болсын, оқоп ішінде ұйықтап кетеміз. Таң атқымен екі жақтан да ақ жаулау көтеріледі, «соғыспаймыз» деген белгі. Сол кезде майданда қаза тапқандарды жерлеуге мүмкіндік берілетін. Күнде қасында жүрген достарыңды



жерлеу қандай ауыр екенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес» деп еске алатын, – дейді қызы.

Соғыстың екі жылы артта қалғанда Шамшадин Мусаев сержант шенін алды. Бір күні майор шеніндегі кісі оны шақырып алып барлауға баратынын айтты. Алайда кеңісін бір солдат келіп: «Сен бармайсың, орнына мен барамын» дейді. Бұл сөз көңіліне ауыр тиеді. Майордың штабына барып: «Мені қазақ болғаным үшін шеттетіп тұрсыз ба? Мен барлауға барамын!» деп өзі сұрады. Сонда майор ойлауын отырып: «Жоқ, қазақ болғаным үшін емес. Сен – отбасыңдағы жалғызсың. Бұл барлауда тірі қалмауың мүмкін, жаудың шебін бұзу керек» деген. Бірақ Шамшадин атамыз айтқанынан қайтпай, барлауға өзі шығатынын айтады. Ақыры майор келісім берді.

Ертеңіне қолына карта мен дүрбі ұстатып, қасына 20 адамды ертеді. Межелі жерге келгенде «батырға да жан керек», аяғы өзінен-өзі кері тартты. Сол-ақ екен, талдың

басында отырған жау солдатты оқ жаудырды. Алдыңғы қатарда келе жатқан майдангер оққа ұшты. Бір аяғын тесіп өткен оқ екінші аяғын да жаралайды. Сол жерде құлап түсті. Бірақ бөлімшесі тапсырманы орындап, жау шебін бұзып қайтты. Төрт айдай госпитальда емделіп, қатарға қайта қосылған майдангерге осы ерлігі үшін II дәрежелі «Данқ» ордені табысталды.

Соғыс бітсе де ақсақал қираған Челябинск қаласын қалпына келтіру жұмыстарына қатысты. Содан он жылдан кейін ғана туған елге оралды. Елге келгеннен кейін бейбіт өмірге белсене араласты. Еңбек жолында адал қызмет етті. Майдандағы ерлігін бейбіт өмірдегі табанды еңбегімен жалғастырды. Мәселен, Аралдағы обға қарсы күресу станциясында техник, Сексеуіл станциясында ВОХР-да жұмысшы болып еңбек етті. Мұнан кейін кеме жөндеу зауытында электрләнекерлеуші, Арал балық комбинатында моторист, оның көмекшісі болып қызмет атқарды.

Астрахань қаласындағы балық өнеркәсібі кадрларының білім көтеру мектебінде оқып, «Аралрыбпром» комбинатындағы балық кемелерінде механик, механиктің көмекшісі, бірлестіктің газ кеушісі болып жұмыс істеді.

Ардагердің еңбегі елеусіз қалған емес. Ол Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін II және III дәрежелі «Данқ» ордендерімен, «Варшава қаласын азат еткені үшін» медалімен және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталды. Ал еңбектегі жетістіктері үшін «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарын иеленген.

Жары Рабиға Мусаевамен екеуі он бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ұрпақтары әр салада табысты еңбек етіп, елдің дамуына үлес қосуда. Соғыс ардагері 1984 жылы соғыс салған жаракаты сыр беріп дүниеден өтті.

Бірақ оның бейнесі, өмір жолы, майдандағы ерлігі мен соғыстан кейінгі еңбегі – кейінгі ұрпақ үшін өшпес өнеге.

**Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»**

ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН



КӨНЕНІҢ КӨЗІ – ТАРИХТЫҢ ӨЗІ

Биыл Қазақ АКСР-нің астанасы атанғанына түп-тура 100 жыл толған. Қызылорда қаласының іргетасы 1818 жылы қаланған. Алғашқыда «Қамысқала» атанған шаһар одан кейінгі жылдарда «Ақмешіт», «Перовск» деген атауға ие болды. 1922 жылы «Ақмешіт» атауы қайтарылды. 1925 жылы сәуір айында қазақ елінің астанасы атанды. Сол кезеңде ұлт қайраткерлері қалаға «Қызылорда» деген жаңа атау берді. Жүз жылға жуық уақыттан бері тарихи шаһар сол атауымен көпшілікке танылды.

– Қалада күні бүгінге дейін сақталған ғимараттардың ішінде ең көнесі – 1878 жылы салынған «Айтбай» мешіті. Мешітті Айтбай қажының қаржысына Ысқақ және Камал есімді ұстапар салған. Бұл кезінде қаланың Ақмешіт аталуына себепші болған деген деректер бар. Ал қыздар приход училищесі ғимараты да дәл сол жылы инженер, генерал Брюноның жобасы бойынша негізі қаланған. Алғашқыда қыздар приход училищесі, одан кейін Перовск қазақ-орыс училищесіне айналған ғимаратта 1925-1929 жылдары баспахана ғимараты орналасқан. Дегенмен тоқсаныншы жылдары жекешелендіріліп кәсіпкердің меншігіне өтті. Қазір сауда дүкені ретінде көпшілікке қызмет көрсетіп келеді, – деді облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мекеме директоры Ергазы Алданазаров.

Қалада 1884 жылы салынған бұрынғы казарма, 1890 жылдары бой көтерген шіркеу сақталған. Одан бергі жылдарға тиесілі теміржол вокзалы (1905 жыл), теміржол милициясы ғимараттары (1905 жыл) да бар.

– Қызылорда қаласы астана болған жылдары іргетасы қаланған теміржолшылар клубы (1924 жыл), қалалық атқару комитетінің ғимараттары (1927 жыл) мемлекеттік қорғауға алынған. Сондай-ақ транспорттық прокуратура (1905 жыл), №5 дүкен (1905 жыл), қалалық монша (1905 жыл), көркемсурет шеберханасы ғимараттары (1905 жыл) аталған тізімге енгізілген. Жалпы алғанда, облыс орталығында мұндай 12 тарихи ғимарат орналасқан. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану, күтіп ұстау мақсатында жергілікті атқарушы орган, тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иесі немесе оны пайдаланушының арасында қорғау міндеттемесі рәсімделген. Олардың ешқайсысы тиісті орындардың рұқсатысыз затылан ғимараттардың сәулеттік келбетіне ешқандай өзгеріс жасай алмайды, – деді Е.Алданазаров.

Қызылорда қаласы еліміздің астанасы атанған жылдарда көптеген маңызды оқиға болды. Солардың негізгісі – ұлт атауының толық қайтарылды. Бұл істе ұлт зиялыларының еңбегі ұшан-теңіз. Белгілі зерттеуші Тұрсынбек Кәкішев өзінің еңбектерінде белгілі қайраткерлердің ұлт атауын қайтару жөніндегі ұсынысынан басқа, кеңес істерін басқа тілінде жүргізу, оқу-ағарту саласына қарына ден қою секілді ұсыныстар жасағанын айтты. Сол жылдары Қызылордада қызмет атқарған азаматтардың кейбірінің тұрған үйлері белгісіз болып қалған. Ұлт зиялылары қызмет еткен Қазақ ССР Атқару комитетінің ғимараты да 2000 жылдардың бас кезінде бұзылып кетті. Өрине, ол уақытта қазіргідей тарихи мұраларды қорғау бағытындағы тиісті талаптар сақталмады, тарихи жәдігерлерден көз жазып қалдық. Сол ғимараттың көшірмесі Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтеріп, жергілікті жұртшылықтың қозғай-

мына айналды.

Астана болған кезеңде Қызылордада мәдени өмір кең қанат жайды. 1925 жылы байланыс басқармасы құрылса, 1926 жылы радио торабы, радиостанция қызметін бастады. Оған қоса 100 орындық өлкелік, 45 орындық қалалық аурухана ашылды. 1926 жылы 13 қаңтарда қазақтың тұңғыш ұлттық театры шымылдығын түрді.

Қала өмірі күнделікті жаңалыққа толы болды. Совпарт мектебі, Халық ағарту институты, геологиялық барлау бағытындағы рабфак, дәрігерлер дайындайтын оқу орны, кооператив, шкізат, транспорт, механикалық, қаржы техникумдары, тағы да басқа оқу орындары ашылды. Сауатсыздықты жою үшін газет-журналдардың рөлі зор екенін ұққан ұлттық кадрлар оны ә дегеннен-ақ қолға алды. Сол кезде Қызылордада «Еңбекші қазақ», «Советская степь» деп аталатын республикалық газеттер мен журналдар шығарылды. 1928 жылы Қызылордадан 31 газет басылып шықты. Оның 13-і қазақ тілінде жарық көрді.

Осы саланың туын желбіретуге қоғамдық-саяси қызметті қоса арқаалаған, ел көшіне, өмір ағымына, халық тағдырына көңіл бөлген дарынды жазушылар мен ақындар да білек түріп араласты. Атап айтқанда Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Сабыр Шәріпов, Қалмақан Әбдіқадиров, Әбділді Тәжібаев, Асқар Токмағанбетовтің шығармалары Қызылордада жарық көрді.

Дәл осы жылдары электр жарығы іске қосылды. Астана мәртебесіне қол жеткізген соң түрлі мекемелер мен өндіріс ошақтарының іргетасы қаланды. Біртіндеп қондырлық фабрика, ет комбинаты, сыра зауыты мен басқа да артелдердің қатары көбейді.

Тарихи ғимараттарды сақтап қалуға баса назар аударып, Түркия, Италия, Грузия секілді еуропалық елдерден үлгі алуға болады. Іргеміздігі Әзбекстан елі кеңес ғимараттарды сақтап қалу арқылы қыруар кіріс кіргізіп отыр.

Қазақстандықтар Қызылорда қаласын қазақтың алғашқы астанасы ретінде біледі. Сол жылдары қазақ зиялыларының табаны тиген ғимараттар халқымыз үшін бағалы екені белгілі. Арнайы туристік маршруттар ашып, қазірге дейін сақталған ғимараттарды таныстыруға болады. Тіпті жергілікті тұрғындардың өзі оларды толық біле бермейді. Мектепте балаларға ол жайында ақпарат айтпаймайды. Өрине, кезінде тарихи ғимараттарды сақтауға байланысты олықтықтардың болғанын жасыра алмаймыз. Ендігі кезекте оған жол бермеуіміз керек. Облыс орталығынан өзге барлық аудандарда осындай ғимараттар бар. Олар «Түркіб» теміржолының салынуына байланысты бой көтерген. Бұл ғимараттар да көзден таса қалмауы тиіс.

**Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»**

ЖЕҢІС ЖОЛЫНДАҒЫ ЖІГЕР

Биыл – Жеңістің 80 жылдығы. Бейбіт аспан астында күн кешіп жатқанымызға осынша уақыт өтсе де, сұрапыл соғыс қасіреті аға бұйынның ең мұңлы, ең қорқынышты естелігі болып қалады. Өйткені олар – сол соғыста Отанын, жерін, елін қорғау үшін қан майданда оқ пен отқа оранып, Жеңіс туының желбіреуіне өмірімен, ерлігімен үлес қосқан ерлердің ұрпағы. Майдангер әкелерінің, аталарының естіген соғыс жайлы үрейлі естеліктер қазіргі аға бұйынның жадында, санасында қаттауы. Ол – өшпес тарих, ұмытылмас ерлік!

Қан майданда ерліктің үлгісін көрсетіп, жауға қарсы соғысқан майдангерлеріміздің бірі – Шайқамал Тілеубаев Сырдария ауданы, Ақжарма ауылында дүниеге келген, 1942 жылы 19 тамызда әскерге аттанған.

Соғыс ешкімді аяған жоқ. Бір үйдің жалғыз, бір отбасының неше ер азаматы болса түгел әскерге алынды. Шайқамал ақсақалдың Жакан, Мақан, Сүлеймен, Әлмұрат атты бауырлары болды. Әкелен ерте айрылған бес баланы анасы Мыңқой Тілеубаева жалғыз өсірді. Жакан, Мақан деген екі ұл ертеректе, яғни соғыстан бұрын қайтыс болған. Соғыс өрті өршігенде ұш баласын бірдей соғысқа шығарып салды. Кез келген әйел, ана үшін мұнан асқан қасірет жоқ шығар. Бір үйден аттанған үш азаматтың екеуі майдан даласында қаза тауып, Шайқамал аға аман оралды.

Ол әскерге барған алғашқы жылдары Ленинград майданына қатысты. Әуелі минометшілер батальонында, кейін 423-атқыштар полкінде сол пулеметші болған. Соғыстың ауыр кезеңінде ұзақ уақыт қорғаныс шебінде болса, кеңес әскерлері күш алып жауды тықсыра бастаған кезеңде Балтық жағалауындағы елдерді азат етуге қатысты. 1944 жылдың аяғында жау жағы шегінерге жер жоқ, қорғанысты күшейте түсті. Қиын-кескі ұрыстың обден шырығып, шарықтау шегіне жеткен кез. Майдан даласы бораған оқ пен оттан көз ашпады. Сондай кезде бар-

лауға барып жаудың қорғанысы туралы мәлімет әске жатқан солдаттарды неміс әскерлері байқап қалып, оқ жаудырды. Алайда барлаушылар қандай жағдай болмасын мәліметті жеткізуге бекінді. Шайқамал жолдасымен бірге басын бәйгеге тігіп, жауды бөгеуге қалды. Жан-жағынан атқылаған снаряд пен оқтан аман қалу мүмкін емес еді. Қасындағы жолдасы екеуіне оқ тиді.

Шайқамал ақсақалдың көрер жарығы бар екен, тірі қалды. Тірі қалды дегені болмаса денесінің сау тамтығы жоқ еді. Снаряд жарықшағы басын, арқасын түгел жаралаған. Осылайша өлі мен тірінің арасында жартылай көміліп жатқан кеңес солдатын неміс әскерлері тұтқынға алды. Ал қандықойлек жолдасы сол жерде қаза тапты.

Бұл 1944 жылдың желтоқсан айы еді. Сонан 1945 жылдың мамырында Балтық жағалауы азат етілгенге дейін тұтқындалған. Неміс лагерінде тұтқындарға ауыштылық көрсетілмейтіні анық. Бұндай жарақатпен тірі қалу да неғайбыл еді. Лагерьдегі тұтқын дәрігер көмегі арқасында ғана жаракаты біршама жазылып, аман қалды. Жестінен кейін де 158-атқыштар полкінде бір жыл қызмет етіп, 1946 жылы мамырда сол жаракатына байланысты II топ мүгедегі болып елге оралды.

Елге келген соң үйленіп, жары Базаркүл екеуі екі ұл, алты қызы тәрбиелеп, өсірді. Базаркүл апа колхозда сауыншы болды, Шайқа-



мал әке әлі келгенше мал бағып көмектесті. Ардагер 1983 жылы қайтыс болған. Жұбайы Базаркүл Тілеубаева да жарынан кейін тура бір жылдан соң өмірден өтті.

Шайқамал ақсақалдың көзі тірісінде соғыс ардагері ретінде алған жалғыз марапаты – 1975 жылы Жеңістің 30 жылдығына орай берілген мерекелік медаль ғана. Ал Жеңістің 40 жылдық мерекесінде ол кісі өмірден өтіп кеткен.

– Әкеміз көп сөйлемейтін кісі еді. Соғыс жайлы, майдандағы мехнатқа толы тіршілік туралы әңгіме айтпайтын. Соғысқа қатысқаны үшін атақ-дәреже де берілмеген. «Жеңістің 30 жылдығы» мерекелік медаль алды, біріншісі де, соңғысы да сол болды. Оған басты себеп – тұтқындалуы. Соғыстың бас жағында қызыл әскердің солдаттары неміс тұтқынына көптеп түскен ғой. Сол үшін Сталин тұтқында түскендерді қатан жазалауды бұйырды. Тұтқыннан босатылғандарды елге оралған соң соттады, жазалады. Біздің әкей жазадан аман қалды. Өйткені сол бар-

лау кезінде ақпарат жеткізген жолдастары бұл кісілерді «бізді қорғау үшін немістерге бөгет болып қалды» деп айтып барған екен және ол құжат жүзінде жазылып қалыпты. Сотталмай қалуына сол құжат негіз болған. Тұтқынға түскені салдарынан әрі II топ мүгедегітінен ескеруісіз қалды. Өйткені ол кісінің құжатында «1944 жылдың қараша айынан 1945 жылдың мамыр айына дейін тұтқындалған» деген жазу бар. Бірақ мүгедектігіне байланысты жәрдемақысын алып отырған. Негізіннен соғыстың алғашқы жылында тұтқынға түскендерден жеңіліп, жәрдемақыдан қағылған. Ал әкемізге бұйырғаны сол медаль болды, – дейді күйеу баласы Серік Нұртазаев.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Шайқамал ақсақал мен жұбайы Базаркүл апа тәрбиелеп өсірген балалардан тараған немере-шөберелер елі үшін ерен ерлік көрсеткен майдангердің ұрпағы болғанын мақтан тұтады. Үлкені Айтбай апа бастаған Мидамкүл, Сәрсенкүл, Алтынкүл, Алма қыздары қарашаның рақтың тілекшісі, жанапшыры болса, ұлдары Ақпышақ пен Серік Тілеубаевтар әулетінің дінгегі іспетті. Өкінішке қарай 1960 жылы туған қызы Үрімкүл қайтыс болған.

«Әке көрген оқ жоңар, шеше көрген тон пішер» демекші, майдангерден тараған ұл-қыздар бүгінде өмірден өз орындарын тапқан, ата-ана атына қыр келтірмей тіршілік кешуде. Жыл сайын Жеңіс мерекесінде ұл-қыздары, немере-шөберелері майдангер әкелерінің ерлігін еске алып отырады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, осындай ұрпағы барда Шайқамал ақсақалдың да аты, соғыстағы ерлігі өшпек емес.

**Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»**

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.